

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртоқ ауданының білім болімі»
мемлекеттік мекемесінің « Саржансай ЖОББМ» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің кезектен тыс қамкоршылық кеңесінің
№ 5 хаттамасы**

01-қазан 2024 ж.

Қатысқандар саны - 20 адам
Шақырылғандар: -9 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ

1.« Саржансай ЖОББМ» КММ директоры А.А.Досжанов мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тындау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Қ.А.Азенова- қамкоршылық кеңесінің төрағасы

Бұгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Саржансай ЖОББМ 2024 жылдың 02 қыркүйек – 30 қыркүйек аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры А.А.Досжановқа берді.

СӨЙЛЕУШІ:

А.А.Досжанов -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Саржансай ЖОББМ кезектен тыс өткізілген № 13 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 02 қыркүйек – 30 қыркүйек аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парагы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жаксы» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парагы көрсетілді) Мектептің өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курсарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасызыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан оффлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру

ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парагы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жаксы» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парагы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі О.В.Мавлекеева мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, «Мектепте соңғы үлгідегі кабинеттер жоқтығын сөзге тиек етті», сонымен қатар жоғарғы санаттағы мұғалімдер мен магистрлер санын арттыру керек екенін ескертті.

Мектеп директоры А.А.Досжанов қойылған ескертулер бойынша О.В.Мавлекееваға қазіргі таңда 2 – кабинет (биология және химия) бар екендігін және аудандық білім бөліміне сұраныс беріп отырғанын айтты.


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қ.А.Азенова өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын және материалды базаны күшейту керектігін атап өтті.


Мектеп директоры А.А.Досжанов бұл мәселенің күн тәртібінде тұрғандығын айтты.








Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тындалып, талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жаксы» деп бағалансын.
2. Саржансай ЖОББМ өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:  К.А.Азенова

Хатшы:  А.А.Насырова

Кеңес мүшелері:  О.В.Мавлекеева
 Г.В.Есина
 И.Ибраева
 Н.Ж.Алдонгаров
 К.М.Ильясов
 Б.К Тлеубаев
 Ж.Ж.Куанов
 О.Қараева